Жаңаарқа ауданының білім бөлімінің ұйымдастыруымен өткізілген Ғ.Байтасов атындағы Жас жол инспекторларының 20-шы республикалық слетінің аудандық кезеңінен О.Әлібаев атындағы ЖББМ-нің "Тұлпар" командасы 1-орын иеленді. Жетекшісі- Смагулова Көгершін.

<https://www.facebook.com/share/p/16ZoA2P3wp/>

Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, "О.Әлібаев атындағы ЖББМ " КММ-нде 4- сынып оқушыларының "Білімім - Отаныма" тақырыбында өткізілген қорытынды іс-шарасы өте жоғары деңгейде өтті. Бастауыш сыныпта алғаш қолдарына қалам ұстатқан Серикова Назгүл апайларының еңбегі ерекше екені оқушыларының білім деңгейлері мен өнерлерінен белгілі. "Зере" әжелер клубының мүшелері Ғалия, Бәтима, Аманкүл, Сақып әжелер балапандарға шашу шашып, ақ баталарын берді. Сынып ата-аналарының да белсенділігі өте жоғары, алғысымыз шексіз!

<https://www.facebook.com/share/p/1DqTLtSm8y/>

Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, О.Әлібаев атындағы ЖББМ-нде өткізілген "Білімім-Отаныма" тақырыбындағы бірыңғай сынып сағаттары Жетекшілері- Азбаева Ғайнижамал, Динара Мустакова , Роза Сакенова , Бағлан Утибаева, Дана Абишева

<https://www.facebook.com/share/p/1Ai8TSkU4A/>

## «О.Әлібаев атындағы ЖББМ» КММ-нде «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу» бойынша атқарылған жұмыстар туралы ақпарат

2024-2025 оқу жылы

19. 07.2024 мектептегі «Қамқоршылық кеңесінің» отырысы өтіп, 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстың есебі тыңдалып, «Мектепке жол» республикалық акциясын өткізу туралы жұмыстар талқыланды, ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулы негізінде «Міндетті білім қорынан» бөлінетін бір реттік қаржылай көмекке күн көрісі төмен, толық емес отбасыларында тәрбиеленіп жатқан 40 оқушы ұсынылды. Тамыз айында бұл оқушылар атаулы көмекті алды және «Ауылдағы ағайынның балаларына..» жобасы бойынша 1 оқушы көмек алды. (қосымша хаттама жіберілді)



Жас мамандарға «Педагогикалық әдеп қағидалары» жайлы отырыс ұйымдастырылып, «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында баяндама оқылды.



02.10.2025 күні «Біз жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында шығармашылық сағаты өтті. 5-6-сынып оқушылары өздері салған суреттерін ұсынды.

<https://www.instagram.com/p/DAqFti6tAVf/?igsh=ZwlpanQxaXNzemZvты>

«Адал ұрпақ» республикалық эссе байқауына белсене қатысқаны белсене қатысқаны үшін 9-сынып оқушысы Есенгелді Гүлімай, жетекшісі Мусеева Маржангүл Алғыс хатпен, мектебіміздің жас маманы Азбаева Ғайнижамал Алғыс хатпен, 10-сынып оқушысы Мұстафина Айғаным, жетекшісі Жантұрсынова Клара Алғыс хатпен марапатталды

03.02- 07.02. 2025 аралығында «Жемқорлық- індет, күресу-міндет» тақырыбында апталық өтті.

03.02.25 күні 8-11-сынып оқушыларынан жемқорлыққа қарсы сауалнама алынып, қорытындысы шығарылды.

"Жемқорлық-індет, күресу-міндет" тақырыбында апталықтың ашылуына байланысты "Адал ұрпақ " клубының жетекшісі Жарылханова Кәусар ауызша журнал жүргізді. Аға тәлімгер Смагулова Көгершін апталық жоспарымен таныстырды.

<https://www.facebook.com/share/p/16TgTzHGVX/>

04.02.25 күні «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбында 5-7-сынып оқушылары арасында сурет байқауы өткізіліп, 6 «Ә» -сынып оқушысы Нияз Төлеугүл 1- орын, 6 «А»-сынып оқушысы Сақабай Ақмәди 2-орын, 5-сынып оқушысы Ахмет Зейнеп 3-орын иеленді. 8-10-сынып оқушылары арасында «Жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері» тақырыбында эссе байқауы өткізіліп, нәтижесінде 10-сынып оқушысы Көжек Арайлым 1-орын, 9-сынып оқушысы Жанболқызы Сағыныш 2-орын, 9-сынып оқушысы Жомартқызы Назерке 3-орын алды.

Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, "О.Әлібаев атындағы ЖББМ "КММ-нде "Жемқорлық-індет, күресу-міндет" тақырыбындағы апталық аясында 04.02.25 күні өткізілген "Ерте, ерте, ертеде.... адалдық патшалығында" атты 4-сынып оқушыларының сахналық қойылымы бас жүлдеге лайықты деп табылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1K7fxzNF9F/>

05. 02.25 күні "Адал бол, балам" бейнероликтер байқауы өткізіліп, нәтижеінде 9 «А»-сыныбы бас жүлде, 8 «А» - сыныбы 1-орын, 10-сынып 2-орын, 7 «Ә»-сыныбы 3-орын иеленді.

<https://www.facebook.com/share/v/1AJCV4UaQk/>

<https://www.facebook.com/share/v/19PLY6cpnx/>

06.02.25 күні 5-6-сынып оқушылары арасында «Адалдық жүрген жерде- адамдық жүреді» тақырыбында өткізілген сахналық қойылымдар байқауынан 6 «А»-сыныбы 1-орын, 6 «Ә»-сыныбы 2-орын, 5-сыныптар 3-орын иеленді.

«Адалдық жайлы менің осы білгенім...» арнау өлеңдер байқауынан 10-сынып оқушысы Олжабай Ақпейіл , 7-сынып оқушысы Көжек Аяулым 1-орын, 7-сынып оқушысы Әбдіманап Алдияр ,10-сынып оқушысы Берікқызы Шұғыла 2-орын, 10-сынып оқушысы Ділдаш Зере, 7-сынып оқушысы Нұртаза Дәулет 3-оындарды иеленді.

Апталыққа 180 оқушы, 21 мұғалім қатысты

### **Тақырыбы: Біртұтас тәрбие бағдарламасы (Ата аналарды педагогикалық қолдау**

**Мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

#### **Міндеттері:**

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

**Объектісі:** жоспарланған

**Субъектісі:** анықтама

**Жауаптылар:** ТЖО, сынып жетекшілер

**Орындау мерзімі:**

**Негіздемесі:**

Әлеуметтік экономикалық жағдайлардың күрделілігіне қарамастан, отбасы балаларды әлеуметтендірудің негізгі институты болып қала береді. Ата-аналардың қазіргі әлеуметтік-экономикалық шындыққа қаншалық бейімделе алатынынан және позитивті ата-ана болу құзыретін қаншалық дамыта алатынынан біздің мемлекетіміздің балалары мен жастарының толыққанды дамуы мен жалпы әл-ауқаты қамтамасыз етілетін болады.

Позитивті ата-ана мәдениетін дамыту республиканың білім беру ұйымдарының педагогтарымен өзара іс-қимылда жүзеге асырылуы мүмкін. Позитивті ата-ана мәдениетінің мәні – баланың терең түсінігінде, оның

кажеттіліктерін, тілектерін, белгілі бір мінез-құлықтың себептерін, жеке тұлғаның толыққанды дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасауда.

Позитивті ата-ана – достық қарым-қатынасқа негізделген ата-ана стилі, бала мен ересек адамның қолдауы, өзара ынтымақтастығы. Мұндай тәсілдің нәтижесі – орталықтың мақсаттары мен міндеттерінде көрініс табатын біздің қоғамның басты байлығы ретінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету.

**Педагогикалық қолдау орталығының мақсаты:** балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде мемлекеттік орта білім беру ұйымдары мен ата-аналар арасындағы тиімді өзара іс-қимыл үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

**Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері:**

1) балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін ата-аналардың педагогикалық мәдениетін, психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік құзыреттерін дамытуға бағытталған ата-аналарға жүйелі педагогикалық қолдау көрсетуді ұйымдастыру;

2) білім беру ұйымы мен отбасы арасындағы балаларды тәрбиелеу мен дамытудағы өзара іс-қимылды нығайту;

3) отбасылық тәрбие процесінде балалардың әл-ауқатын қамтамасыз ету бойынша ата-аналардың уәждемесін арттыру.

Бұл ретте баланың әл-ауқаты оның физикалық және психикалық денсаулығын қолдауға және жақсартуға, сапалы білім берумен, даму мүмкіндіктерімен, қауіпсіздігімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған факторлардың жиынтық әсері кезінде қалыптасқан жағдай ретінде қарастырылады.

**Орталық қызметінің принциптері:**

- Ұлттық мәдениет, құндылықтар мен дәстүрлердің сабақтастығы;
- Үдерістің гуманистік бағыттылығы;
- Ата-аналарға дифференциалды және жекелей қолдау көрсету;
- Заманауи ғылым мен тәжірибенің озық үлгілерін пайдалану;
- Әлеуметтік серіктестікке басымдық беру, ресурстық ұйымдар мен білікті сарапшыларды тарту.

Орталықтың қызметі балаларды тәрбиелеу және дамыту мәселелерінде ата-аналардың және балалардың басқа да заңды өкілдерінің құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған.

Бүгінгі таңда әр отбасына өз әлеуетін ашуға көмектесу, ата-аналардың алдында тұрған мәселелерді шешуге жәрдем беру маңызды. Бұл жағдайда келесі факторларды ескеру қажет:

1. Әр отбасының мықты жақтары мен маңызды практикалық дағдылары бар.
2. Ауызбіршілігі күшті отбасы кез келген қиындыққа төзімді болады.
3. Тіпті қиын кезде де ата-аналардың көпшілігі балаларын жақсы көреді және оларға қамқорлық жасайды.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау Орталығының бағдарламалары балаларды тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналық міндеттерді орындауды жеңілдетуге, ата-аналар мен балалардың нақты өмірде кездесетін мәселелерін шешуге ықпал етуге арналған. Тыңдаушыларына отбасының әлеуетін ашуға арналған идеялар мен құралдар, сондай-ақ балалармен табысты қарым-қатынас жасау, жеке тұлғаны дамыту үшін қолайлы орта құру тәсілдері ұсынылады.

Қатысушы ата-аналар балалардың мінез-құлқының қалай өзгертетінін біледі, баланың мінез-құлқындағы қажетті өзгерістерге қол жеткізуге мүмкіндік беретін әдістерді үйренеді. Ата-аналар балаларымен қарым-қатынастың экологиялық таза тәсілдерін меңгереді, бір-бірін тыңдау және есту қабілетін дамытады, балалардың өздерін қауіпсіз сезінуіне көмектесетін шектеулерді қалай қою керектігін түсінеді, отбасындағы қарым-қатынасқа жаңа көзқараспен қарайды. Орталықтың тақырыптарымен танысу бойынша болатын кездесулер және ата-аналардан алынатын сауалнама осы жылдың 15 қыркүйегіне дейінгі кезеңде әр түрлі жастағы: 1–4 сынып; 5–9 сынып; 10–11 сынып оқушыларының ата-аналары үшін жүргізіледі.

Әр бағдарлама жылына сегіз сабақты қамтиды, олардың екеуі үшеуі мектептің өзіне қатысты мәселелер мен тақырыптар бойынша өткізілуі мүмкін.

Орталықтың сабақтары кестеге сәйкес, әр түрлі формаларды қолдана отырып, жеке өткізіледі.

Орталықтың қызметіне белсенді ата-аналарды, аға буын өкілдерін тарту көзделген.

#### АПҚО жұмысына анықтама

"О.Әлібаев атындағы ЖББМ "КММ-нде мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысы өтті.

Күн тәртібінде:

1. 2024-2025 оқу жылында білім беру процесін ұйымдастыру ерекшеліктері. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.А.Кутжанова;

2. "Бала қауіпсіздігі-қоғам келешегі" баяндама . Педагог-психолог  
И.Қ.Истигулова;

3. Кәмелетке толмаған оқушылар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу.  
Әлеуметтік педагог Ұ. Спатаева;

4.Үлгерім-тәртіп-мектеп формасы. Мектеп директоры Д.Г.Алин.

<https://www.facebook.com/share/p/15gthpLBvp/>

19.09.24 күні"О.Әлібаев атындағы ЖББМ " КММ-нде АПҚО жоспарына сәйкес 1"Ә"-сыныбында «Сапалы ұйқы: балалардың дамуы мен денсаулығының іргетасы» тақырыбында таныстырылым,"Отбасы-тәрбие бастауы" тақырыбында тренинг өтті. "Отбасылық махаббат үйі" дидактикалық ойыны барысында ата-аналар өз ойларын ортаға салып, пікір алысты

Сынып жетекшісі: Гулбаршын Ибраева

<https://www.facebook.com/share/v/19TDFCLVwu/>

16.09. 24 күні "О.Әлібаев атындағы ЖББМ " КММ-нде "Ата-аналарды педагогикалық қолдау" орталығының жұмыс жоспарына сәйкес "Отбасым-мақтанышым" акциясы аясында 8"А"- сынып оқушысы Танауов Санжар мақтан тұтар атасы жайлы мағлұмат берді.

<https://www.facebook.com/share/v/1D1oKnYh1a/>

12. 09. 24."Ата-аналарды педагогикалық қолдау" орталығының жұмыс жоспарына сәйкес "Отбасым-мақтанышым" акциясы аясында 5-сынып жетекшілері Тәлтеева Мереке мен Азбаева Ғайни Әзбай " "Отбасы-шағын мемлекет тақырыбында шеберлік сабағын өткізді.

<https://www.facebook.com/share/p/15bDvkh9NR/>

"О.Әлібаев атындағы ЖББМ " КММ-нде "Ата-аналарды педагогикалық қолдау" орталығының жұмыс жоспарына сәйкес "Отбасым - мақтанышым" акциясы аясында еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айында Оразбай Асыл, Хами Айғаным, Талғат Думан отбасымен күзгі науқан жұмыстарын атқарды  
Жетекшісі: Айткул Жумагулова

<https://www.facebook.com/share/v/17BQq4nWRj/>

07.10-19.10.24 аралығында 1-4-сынып ата-аналарымен «Дұрыс тамақтану әдет-ғұрпын құру», 5-9-сынып ата-аналарымен «Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі», «Тамақ ішу» тақырыптарында мектеп медбикесі К Оспанова биология пәні мұғалімі Б. Қожабаева таныстырылым жасап, ауызша журнал жүргізді.

11.11-22.11.24 күндері 1-4-сынып ата-аналарымен мектеп психологы И. Истигулова «Назар аударуды дамыту» тақырыбында үйде қолдануға

арналған практикалық тапсырмалар мен ойындарды көрсетіп, ата-аналарға қолдау жасады. 5-9-сынып ата-аналарымен жадыны дамыту жұмыстары, 10-11-сынып ата-аналарымен «Өмір бойы оқыту: неге? қалай?», «Адам неге өзін-өзі тәрбиелеуді қажет етеді?» тақырыбында тренингтер ұйымдастырылды.

Жаңаарқа ауданы, "О.Әлібаев атындағы ЖББМ " КММ-нде АПҚО жоспарына сәйкес 8"А"сыныбында кофе-брейк форматында " Үштік одақ: ата-ана+бала+мектеп" тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті.

- 1.. Жылы сөзбен күтіп алу;
2. "Білесіздер /білмейсіздер" әдісі арқылы танысу;
3. Оқушылардың оқу үлгерімдері мен әр түрлі мәселелерді талқылау;
4. Қайшысыз адам бейнесін қию. Мақсаты: бәріне білім бірдей беріледі, бірақ әр оқушының қабылдауы әр түрлі;
5. Барың үшін рахмет! Әр ата-ана баласына тілектер мен жылу сөздерін жазу
6. Сенім жәшігі/ анонимді хат. Кері байланыс кезеңдерінен құрылған шара өте әсерлі өтті.

<https://www.facebook.com/share/v/18bKRg36ER/>

26.11. 24 күні "О.Әлібаев атындағы ЖББМ" КММ-нде "Ұлағат " әкелер клубы жоспарына сәйкес ҚР БҰҰ-ның Бала құқықтары Конвенция сынып қабылдағанына 35 жыл, ратификацияланғанына 30 жыл және Дүниежүзілік балаларды қорғау күні жарияланғанына 70 жыл толуына орай 8-сынып ата-аналарымен "Әкенің тәрбиедегі рөлі" тақырыбында тренинг өткізілді. «Жасөспірімдердің ұйқысы: оқуға және мінез- құлыққа әсері», тақырыбында әңгіме айтылды

Сынып жетекшілері: Аяулым Кулжанбекова, Бейсенкул Қожабаева

<https://www.facebook.com/share/v/1BPqQJursj/>

12.12. 24 күні "О.Әлібаев атындағы ЖББМ " КММ-нде 11-сынып ата-аналарына мектеп директоры Д.Г.Алин, педагог-психолог И.Истигулова«Отбасылық ортада шығармашылықты дамыту тәсілдері»» тақырыбында тренинг өткізіп, сынып жетекшісі Ж.Нұржанбаев есірткі тұтыну, темекі шегу, алкогольизм профилактикасы туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізді

<https://www.facebook.com/share/p/17nCTKFo2e/>

09.12. 24 күні 1-4-сынып ата-аналарымен бастауыш сынып мұғалімі Абишева Дана «Логикалық ойлауды үйрену» тақырыбында шеберлік сабағын өткізді

18.12.24 5-9-сынып ата-аналарымен «Балаңыздың ой-пікірін дамыту» тренингін Д. Мустакова ұйымдастырды

13.01-22.01.25 аралығында 1-4-сынып ата-аналарымен бастауыш сынып мұғалімі Серикова Назгүл «Отбасылық келісімнің кепілі- сенімді қарым-қатынас» тақырыбында практикалық кеңес, 5-9-сынып ата-аналарымен

«Жасөспірімнің түсінік алу және қабылдау тәртібі» таныстырылымын жасап, пікір алысты, 10-11-сынып ата-аналарымен «Тұлғаның қалыптасуы: тәуелсіздікке құқық» атты тренинг Оразбек Ақзер ұйымдастырды. 12.02.25. күні Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, "О.Әлібаев атындағы ЖББМ "КММ-нде кәмелетке толмағандар арасындағы жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың алдын алу, қыз бала гигиенасы, Бүлдіретін сыртқы әсерлерге балалардың қарсы тұруы» тақырыбында ДА "Толғағай" бас дәрігері Қаппасова Қаршыға Шұғайқызы қыз балаларға, ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізді, Акушер Маханбетова Аманкүл "Ертежүктліктің алдын алу, оның зардаптары" жайлы мазмұнды әңгіме айтты.

<https://www.facebook.com/share/p/1HynYx8Znb/>

11.03.25 күні 1-4-сынып ата-аналарына «Балалардың қауіпсіздігі-ересектердің қамқорлығы», 5-9-сынып ата-аналарымен «Балаңыз төтенше жағдайға дайын ба?», 10-11-сынып ата-аналарымен «Жеке қауіпсіздік мәдениетін дамыту» тақырыптарында жалпы ата-аналар жиналысында таныстырылым жасалып, ауызша журнал жүргізілді.

09.04.25 күні 1-4-сынып ата-аналарымен «Бақытты ана құпиялары» тақырыбында тренинг, 15.04.25 «Әкелік-бала бақытының қайнар көзі» дөңгелек стол ұйымдастырылды

«О. Әлібаев атындағы ЖББМ» КММ-де зорлық-зомбылықтан, қорлаудан және бопсалаудан қорғау үшін прокуратураға жүгіну туралы QR кодтары бар ақпараттық парақтар орналастырылды. Мектептің әлеуметтік педагогі

Ұ. Спатаева аз қамтылған, көпбалалы, жалғызбасты ата-аналарды анықтап, тізімін жасады, тамыз айында «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылды, акция әлі де жалғасуда. Педагогтер, туыстар және өзге де тұлғалар тарапынан зорлық-зомбылық фактілерін анықтау үшін мектеп психологы И. Истигулова сауалнама жүргізді.

22. 09.24 күні жалпы ата-аналар жиналысы өткізіліп, тұрмыстық зорлық-зомбылық, қоғамдық орындардағы және кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу» мәселелері бойынша таныстырылым жасалып, видеороликтер көрсетілді, пікірлер айтылды. Іс-шараға 85 ата-ана, 20 педагог қатысты.

«О.Әлібаев атындағы ЖББМ» КММ-де өткізілетін ҚР БҰҰ-ның Бала құқықтары Конвенциясын қабылданғанына 35 жыл, ратификацияланғанына 30 жыл және Дүниежүзілік балаларды қорғау күні жарияланғанына 70 жыл (20 қараша) тақырыбында іс-шаралар өткізілді. Жоспарға сәйкес «Бала құқықтары жөнінде конвенция» ауызша журнал, «Бақыт деген сенің бала күндерің» атты шығармашылық сағаты, «Мен және менің ата-анам» тренинг, «Әкенің тәрбиедегі рөлі» тренинг

<https://www.facebook.com/share/v/1E3GTexas6/>

<https://www.facebook.com/share/p/15GdfyMCbq/>

Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, "О.Әлібаев атындағы ЖББМ " КММ-нде 7-11-сынып оқушыларымен Жаңаарқа ауданының полиция бөлімінің ЖПҚБ УПИ полиция аға лейтенанты Абеуов Алтынбек Оралбайұлы құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде ұлдар жиналысын өткізіп, зорлық-зомбылық, ішкі тәртіп, буллинг, лудомания, нашақорлық, есірткі бизнесі жайлы кеңес берді.

28.11.24 күні Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, "О.Әлібаев атындағы ЖББМ " КММ-нде құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу өтті. Отырысқа мектеп директоры Д. Г. Алин, ДОІЖО Н.Абикенов, ДТІЖО А. А. Кутжанова, педагог-психолог И.К. Истигулова, әлеуметтік педагог Ұ. Спатаева, тәлімгер К.Қ. Смагулова, сынып жетекшілер, Жаңаарқа ауданы ЖПҚБ бастығы А.Б. Тілеуқабылов, кәмелеттік жасқа толмаған істерді жүргізетін инспектор, полиция аға лейтенанты Р.Амангелді. ЖПҚБ УПИ көмекшісі полиция аға лейтенанты Ж.Т.Қойшыбаев қатысты

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдер арасында зорлық – зомбылық пен күш көрсетудің алдын алу мақсатында тәртіпсіздіктер мен құқықбұзушылықтың алдын алу;
2. Буллинг, кибербуллинг, лудомания, нашақорлық, есірткі бизнесі ;
3. Автокөліктерді құжаттарсыз басқару, есірткі психотропты заттарды, суық қару пайдалану, заңсыз тасымалдау;
4. Құнды жеке заттарын қараусыз қалдырмау бойынша түсіндірме жұмыстары.

Оқушыларға жан-жақты түсіндірме жұмыстары жасалды

<https://www.facebook.com/share/p/18B9KVoFy>

<https://www.facebook.com/share/p/1Ect1>

20.01.25. күні Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, "О.Әлібаев атындағы ЖББМ "КММ-нде Жаңаарқа ауданының прокуроры Әліпбаева Динара Ерқанатовна, Жаңаарқа АПБ-ның ЖПҚБ-ның учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Абеуов Алтынбек, кәмелетке толмағандар жөніндегі инспекторы, полиция капитаны Кутумова Дария, полиция аға лейтенанты Бедельбаева Жанар, Жаңаарқа АПБ-ның тергеу бөлімінің аға тергеушісі Томабай Асылхан, Жаңаарқа ауданының криминалдық полиция бөлімшесінің жедел уәкілі, полиция подполковнигі Жакупов Арманғали, Мектеп директоры Д. Г. Алин, ДТІЖО А.А.Кутжанова, педагог-психолог

И.К. Истигулова, әлеуметтік педагог Ұ. Спатаева, тәлімгер К.Қ. Смагулованың қатысуымен кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстарды азайтудың алдын алу шаралары бойынша жиын өтті.

Күн тәртібінде:

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыс пен құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша ескерту жұмыстары;

2. Буллинг, лудомания, автокөліктерді құжатсыз басқару, зорлық-зомбылық бойынша түсіндірме жұмыстары

<https://www.facebook.com/share/p/1G7eYFoZTY/>

12.02.25. күні Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, "О.Әлібаев атындағы ЖББМ "КММ-нде кәмелетке толмағандар арасындағы жыныстық тиіспеушілігіне қарсы қылмыстардың алдын алу, қыз бала гигиенасы тақырыбында ДА "Толағай " бас дәрігері Қаппасова Қаршыға Шұғайқызы қыз балаларға ата-аналарға түсіндіру жұмыстарын жүргізді, Акушер Маханбетова Аманкүл "Ертежүктліктің алдын алу, оның зардаптары" жайлы мазмұнды әңгіме айтты.

<https://www.facebook.com/share/p/1BToJcgNnj/>

10.02.25 күні кәмелетке толмағандардың заңға бағыну мінез-құлқын дамытуға, олардың бойында адамгершілік пен салауатты өмір салты негіздерін қалыптастыру мақсатында қысқы табиғат аясында шаңғымен сырғанау ойыны өтті. Ұйымдастырған: Суюндиков Алтынбек

<https://www.facebook.com/share/p/1NemRnktPz/>

"О.Әлібаев атындағы ЖББМ "КММ-нде "Есірткіге жол жоқ" тақырыбында челлендж өтті. Өткізген: Кулжанбекова Аяулым

<https://www.facebook.com/share/v/16AQ7hG1aN/>

2024-2025 оқу жылына арналған терроризмнің алдын алу мақсатында іс-шаралар жоспары жасалып, бекітілді. Терроризмнің алдын алу бойынша стенд жасалып, «Сенім телефоны» жұмысы қалыптасты. 2024 жылы «» қазан күні антитеррорлық жаттығу өткізіліп, хаттама жазылды. Мектептің вахта және тех қызметкерлерімен қауіпсіздік жұмыстары өткізіліп, журнал жүргізіліп отырады. Оқушылар мен ата-аналар арасында түсіндірме жұмыстарын ұйымдастырылып, сәтсіз отбасыларының үйіне рейд жүргізіліп тұрады. Балалардың бос уақытын тиімді өткізу үшін садақ ату, асық ату, волейбол, футбол, шахмат, тоғызқұмалақ, хореография үйірмелері жұмыс жасайды.

«Мектептегі және үйдегі тәртіп ережелері», «Діни экстремизм жастарға қандай қауіп төндіреді?», «Оқушының құқықтары мен міндеттері», «Дін және шындық», «Ағымдар апанынан сақтанайық», «Имандылық жүрекке ұяласа» тақырыбында сынып сағаттары өткізілді.

<https://www.facebook.com/share/p/1GCNiivnQS/>

Ұлытау облысы, Жаңаарқа ауданы, "О.Әлібаев атындағы ЖББМ " КММ-нде құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу өтті. Отырысқа мектеп директоры Д. Г. Алин, ДОІЖО Н.Абикенов, ДТІЖО А. А. Кутжанова, педагог-психолог И.К. Истигулова, әлеуметтік педагог Ұ. Спатаева, тәлімгер К.Қ. Смагулова, сынып жетекшілер, Жаңаарқа ауданы кәмелеттік жасқа толмаған істерді жүргізетін инспектор, полиция аға лейтенанты Р.Амангелді. ЖПҚБ УПИ көмекшісі поиция аға лейтенанты Ж.Т.Қойшыбаев қатысты.

Күн тәртібінде:

1. Жасөспірімдер арасында зорлық -зомбылықтың алдын алу;
  2. Нашақорлық, есірткі бизнесі ;
  3. Ішкі тәртіп, түнгі көшедегі балалар қауіпсіздігі
- Оқушыларға жан-жақты түсіндірме жұмыстары жасалды

<https://www.facebook.com/share/p/1AJBN2PH91/>

"О.Әлібаев атындағы ЖББМ КММ-нде құқықбұзқшылықтың алдын алу, лудомания, буллинг, ертежүктлііктің қауіптілігі жайлы мектеп психологы И.К. Истигулова түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, тренинг өткізді

<https://www.facebook.com/share/p/1ZGfCGFx7a/>

"О.Әлібаев атындағы ЖББМ КММ-нің 5-сынып ата-аналарымен балаларды жазғы демалыс кезіндегі жазатайым оқиғалардан сақтандыру, қауіпсіз терезе, судағы қауіпсіздік, құқықбұзушылықтың алдын алу жайлы кеңес беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сынып жетекшілері: Тәлтеева Мереке, Азбаева Ғайнижамал

<https://www.facebook.com/share/p/19DjzrrVk/>

**«О.Әлібаев атындағы ЖББМ» КММ-нде тәрбие жұмысына 2024-2025 оқу жылы бойынша «SWOT» талдау**

ҚР Оқу- ағарту Министрлігінің 30.07. 2024 ж. № 194 бұйрығы негізінде 2024-2025 оқу жылына

жылдық жоспар бекітілді

<b>Күшті жақтары</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
<p>1. Мектептің тәрбие қызметі үш салада жүзеге асады: оқыту барысында, сабақтан тыс, мектептен тыс қызметте;</p> <p>2.1,2,3,4- тоқсан бойынша сынып сағаттарының жүйелі болуы;</p> <p>3.Қауіпсіздік сабақтарының 10 минутқа кіріктілуі;</p> <p>4. Апта дәйексөздерінің іске асырылуы;</p> <p>5.Мерекелік іс-шаралардың ұйымдастырылу жұмыстары тиянақты жұмыс атқаруы;</p> <p>6.Тәрбие жоспарына сәйкес іс-</p>	<p>1. Кейбір мұғалімдердің кезекшілікке жауапсыздық танытуы;</p> <p>2.Жоба жұмыстарының әлсіздігі;</p> <p>3. Әлеуметтік көмек көрсетуші демеушілердің тапшылығы;</p> <p>4. Оқушылардың сабаққа кешігіп келуі және себепсіз қалуы;</p> <p>5. Сынып жетекшілердің график бойынша берілген тапсырмаға немқұрайлы қарауы, Берілген жоба жұмыстарын жүйелі жүргізбеуі;</p> <p>6. Мұғалімдердің өзара тәжірибе</p>

<p>шаралардың өткізілуі;</p> <p>7. «Балалар кітапханасы жобасы»;</p> <p>8.«Азамат» ИДН бірлескен жобасы;</p> <p>9. «Медиа» жобалар жұмысы;</p> <p>10. Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысы;</p> <p>11. Түнгі рейд</p>	<p>алмасуы, атап айтсақ,</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- апталыққа</li> <li>- шебер сыныптарға</li> <li>- тәрбие сағаттарына</li> <li>- мерекелік іс-шараға;</li> </ul> <p>7. Оқушылар арасында құқықбұзушылық;</p> <p>8. Сынып жетекшілер мен оқушылар арасындағы жұмысы;</p> <p>9. «Білімкласс» сағатының тақырыбы, 1-8 ЖЖЕ, қауіпсіздік сабақтарының атауы толтырылмауы.</p>
<p style="text-align: center;"><b>Мүмкіндіктер</b></p> <p>1.Мектебімізде өзін-өзі басқару, мектеп парламент ұйымдарының құрылып, тиянақты жұмыс атқаруы;</p> <p>2.Мектебіміздегі білім алушылардың отбасы тұрақтылығы, әлеуметтік жағдайының жақсаруы;</p> <p>4. Дарынды оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін тәрбиелеу, өзін-өзі таныту, дамыту үшін қолайлы жағдай;</p> <p>5.Сынып жетекшілердің кәсіби құзыреттілігінің артуы</p>	<p style="text-align: center;"><b>Қауіпті</b></p> <p>1.Ғаламтор желісінен келетін қауіптер;</p> <p>2.Көпшілік оқушылардың бойындағы енжарлық, ұялы телефонға тәуелділік;</p> <p>3.Кейбір оқушылардың сабақтан себепсіз қалуы;</p> <p>4.Сынып жетекші мен ата-ана тарапынан қадағалаудың жоқтығы;</p> <p>5.Кибербуллинг пен буллингтің алдын алу</p>

### **2024-2025 оқу жылындағы жетістіктер:**

1. 5-8 – сынып оқушыларына арналған «Pro Eco» экологиялық жобалар конкурсының аудандық кезеңінде «Туған өлке табиғаты» бағыты бойынша жоғары нәтиже көрсеткені үшін Ысқақ Аруай 1-дәрежелі дипломмен марапатталды, облыстық кезеңнен 2-орын, республикалық кезеңнен сертификат;
2. 8-11-сыныптың оқушылары арасында «Ақберен» республикалық өнер байқауының аудандық кезеңінде «Ұлттық аспапта өнер көрсету» номинациясы бойынша 2-орын Жақсылық Бүркіт, жетекшісі – Оразбек Ақзер
3. 8-11-сыныптың оқушылары арасында «Ақберен» республикалық өнер байқауының аудандық кезеңінде «Шешендік, білгірлік» номинациясы бойынша 3-орын иеленген Серікбаева Зере, жетекшісі- Мусеева Маржан;
4. 8-11-сыныптың оқушылары арасында «Ақберен» республикалық өнер байқауының аудандық кезеңінде «Ақындар мүшәйрасы» номинациясы бойынша 3-орын иеленген Олжабай Ақпейіл, жетекшісі- Оразбек Ақзер;
5. 8-11-сыныптың оқушылары арасында «Ақберен» республикалық өнер байқауының аудандық кезеңінде «Эссе жазу» номинациясы бойынша Мұстафина Айғаным аудандық кезеңнен 1-орын, облыстық кезеңнен 2-орын, республикалық сертификат;
6. Балалар мен жасөспірімдер арасында «Мұрагер» облыстық шығармашылық байқауының аудандық кезеңінде 12-14 жас

- аралығында «Сәндік-қолданбалы өнер» жанры бойынша Ысқақ Аруай 1-орын, жетекшісі: Кулжанбекова Аяулым, облыстық кезеңнен сертификат;
7. «Мұрагер» облыстық шығармашылық байқауының аудандық кезеңінде 15-16 жас аралығында «Аспапта ойнау» жанры бойынша Жақсылық Бүркіт 1-орын, жетекшісі: Асқарова Манат, облыстық кезеңнен сертификат;
  8. «Мұрагер» облыстық шығармашылық байқауының аудандық кезеңінде 12-14 жас аралығында «Вокал» жанры бойынша Байдулла Саян 3-орын, жетекшісі: Смагулова Көгершін;
  9. «Таланттарды іздейміз» атты аудандық байқауында жақсы өнер көрсеткені үшін «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша 14-17 жас арасында Жақсылық Бүркіт 1-орын, жетекшісі- Асқарова М
  - 10 «Таланттарды іздейміз» атты аудандық байқауында жақсы өнер көрсеткені үшін «Аспапта ойнау» номинациясы бойынша Жақсылық Мұхамедәли 10-13 жас арасында 3-орын, жетекшісі- Смагулова Көгершін;
  - 11 М. Мақатаевтың өлеңдеріне жазылған әндерге және ақынның өлеңдерін оқуға арналған «Жырлайды жүрек» атты байқауында эстрадалық вокал номинациясы бойынша Байдулла Саян 2-орын, жетекшісі- Смагулова Көгершін
  - 12 М. Мақатаевтың өлеңдеріне жазылған әндерге және ақынның өлеңдерін оқуға арналған «Жырлайды жүрек» атты байқауында көркем сөз номинациясы бойынша Сүлеймен Айсамал 2-орын, жетекшісі- Асқарова Манат;
  - 13 «Таланттарды іздейміз» атты аудандық байқауында жақсы өнер көрсеткені үшін «Би» номинациясы бойынша Мыңжан Сәнім 10-13 жас арасында 1-орын, жетекшісі- Смагулова Көгершін;
  - 14 Аудандық «Ілияс оқулары» байқауынан Сүлеймен Айсамал көркемдік талдау бойынша 1-орын, жетекшісі- Мусеева Маржангүл;
  - 15 Аудандық «Ілияс оқулары» байқауынан Олжабай Ақпейіл шығармашылық бойынша 1-орын, жетекшісі- Жантұрсынова Клара;
  - 16 Республикалық «Мағжан оқулары» байқауының аудандық кезеңінен Олжабай Ақпейіл шығармашылық кезеңінен 1-орын, облыстық кезеңінен, жетекшісі- Жантұрсынова Клара;
  - 17 Ғ. Байтасов атындағы Жас жол инспекторларының 20-шы республикалық слетінің аудандық кезеңінен О. Әлібаев атындағы ЖББМ «Тұлпар» командасы 1-орын, жетекшісі: Смагулова Көгершін;
  - 18 Жаңарқа аудандық оқушылар үйі ұйымдастырған «STEAM ҮЗДІГІ» 3-аудандық байқауында «Үздік репортер» номинациясы бойынша Ыбрахым Балғын 2-орын иеленді, жетекшісі- Оспан Айбек,

- 19 Жаңарқа аудандық оқушылар үйі ұйымдастырған « STEAM ҮЗДІГІ» 3-ауаудандықбайқауында «Үздік графикалаушы» номинациясы бойынша Оразбек Айзере 1-орын иеленді, жетекшісі-Кулжанбекова Аяулым;
- 20 «Әбіш оқулары» республикалық байқауының аудандық кезеңінде шығармашылық жұмыс, зерделеу жоба байқауы бойынша Ысқақ Аруай 3-орын, жетекшісі- Тиес Айгүл;
- 21 «Әбіш оқулары» республикалық байқауының аудандық кезеңінде «Иллюстрациялық суреттер салу» номинациясы бойынша Хами Бірғаным 2-орын, жетекшісі- Тиес Айгүл;
- 22 Тоғызқұмалақтың рапид түрінен жасөспірімдер арасында ұлттық спорт түрлері бойынша облыстық балалар мен жасөспірімдермектебінің ашықбіріншілігінде 2016-2017 ж. туған жасөспірімдер қыздар арасында 3-орын алғаны үшін Жұмағали Ақкербез мадақтамамен марпатталды, жетекшісі- Аманжолова Жаннұр;
- 23 Жас тарихшылардың «Менің шағын Отаным» атты республикалық конкурсының аудандық кезеңінде «Шағын Отанымның символы» номинациясы бойынша Ділдаш Зере 2-орын, жетекшісі- Оразбек Ақзер;
- 24 Жас тарихшылардың «Менің шағын Отаным» атты республикалық конкурсының аудандық кезеңінде «Менің шағын Отанымнан шыққан тұлғалар» номинациясы бойынша Мұстафина Айғаным 2-орын, жетекшісі- Оразбек Ақзер;
- 25 ҚР Конституциясының 30жыл, Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне 80 жыл, ақын Тұманбай Молдағалиевтің туғанына 90 жыл, композитор Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған Жаңаарқа ауданының білім беру ұйымдарының арасында өткен ұжымдық өнер фестивалінде «Көркемсөз» номинациясы бойынша Құтжанов Ислам 2-орынмен марапатталды;
- 26 ҚР Конституциясының 30жыл, Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне 80 жыл, ақын Тұманбай Молдағалиевтің туғанына 90 жыл, композитор Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған Жаңаарқа ауданының білім беру ұйымдарының арасында өткен ұжымдық өнер фестивалінде «Күй» номинациясы бойынша Нығызбаев Жомарт, Аликаримов Сержан1 -орынмен марапатталды;
- 27 ҚР Конституциясының 30жыл, Ұлы Отан соғысының Жеңіс күніне 80 жыл, ақын Тұманбай Молдағалиевтің туғанына 90 жыл, композитор Нұрғиса Тілендиевтің туғанына 100 жыл толуына орай ұйымдастырылған Жаңаарқа ауданының білім беру ұйымдарының арасында өткен ұжымдық өнер фестивалінде «Вокал» номинациясы бойынша Азбаева Ғайнижамал 2 -орынмен марапатталды;

